



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2024 жылдың қорытындылары

Тарих/Қатысушылар

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері: «Шеврон» - 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» - 25% және «Лукойл» - 5%.

Өнім өндіру/Қорлар

- Теңіз коллекторының жалпы барланған қоры 3,1 миллиард тонна (25 миллиард баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 миллиард баррель) мұнайды құрайды.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры - 1,4 миллиард тонна (11 миллиард баррель).
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтады, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемі шамамен 80 000 тоннаға (640 000 баррель), ал табиғи газ 25 миллион текше метрге (870 миллион текше фут) жетті.
- 2024 жылы шикі мұнай өндіру көлемі 27,8 миллион тоннаны (220 миллион баррельге жуық) құрады.

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- ТШО 2000 жылдан бері қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыруға 3,2 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 71%-ға азайды.
- ТШО 2024 жылы өндірілген газдың 99,2%-ын кәдеге жаратты.
- 2024 жылы суды қайтадан пайдаланудың жалпы көрсеткіші 48%-ды құрады. ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өндірістік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- ТШО қалдықтардың 35-тен аса түрін қайта өңдеуге жібереді. 2024 жылы қалдықтарды қайта өңдеудің жалпы үлесі 54%-ға жетті.

Өнімдерді өткізу

- ТШО 2024 жылы 1,2 миллион тоннадан аса сұйытылған газ және 2,7 миллион тоннаға жуық күкірт өткізді.
- ТШО өндірілетін барлық құрғақ газды ішкі нарыққа жөнелтеді.

Қазақстан Республикасының экономикасына қосылған үлес

- ТШО-ның 1993 жылдан бастап 2024 жылдың соңына дейінгі аралықтағы Қазақстан Республикасына тікелей қаржылай салымы кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтерді, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдерді қоса алғанда 201 миллиард АҚШ долларынан астам қаржыны құрады.
- 2024 жылы Қазақстанға төленген тікелей қаржылық төлем көлемі 11 миллиард АҚШ долларынан астам қаржыны құрады.
- Кәсіпорын 2024 жылы қазақстандық қамтушылардың 3 миллиард АҚШ долларына жуық тауарлары мен қызметтерін сатып алды, оның 1,3 миллиард АҚШ долларынан астамы Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) шеңберінде жұмсалды.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2024 жылдың қорытындылары

- ТШО 1993 жылдан бері 50,5 миллиард АҚШ долларына жуық қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.

Қызметкерлерді шыңдау

- Негізгі өндіріс пен ККЖ-ҰЕҚБЖ-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 93,6%-ды құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлерін есепке алмағанда, ТШО қызметкерлерінің 95,6%-ы қазақстандықтар. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.
- Жалпы басшылық құрамның 83,1%-ын қазақстандық жоғары және орта буын жетекшілер құрайды. ККЖ-ҰЕҚБЖ-ны есепке алмағанда жоғары және орта буын қазақстандық басшылардың жалпы үлесі - 88,2%.
- Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты лауазымдарға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылуда.

Әлеуметтік салаға үлес

- ТШО 1993 жылдан бері өз қызметкерлері мен Атырау облысы тұрғындарының игілігі үшін әртүрлі әлеуметтік жобаларға 3,4 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- ТШО құрылған күнінен бастап, «Игілік» жобасын қоса алғанда, өзінің әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламалары арқылы Атырау облысында мектептер, ауруханалар, демалыс орындары, балабақшалар және басқа да қоғамдық нысандарды салу және жақсарту үшін 120-дан астам әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаға инвестиция салды.
- Сондай-ақ, ТШО 2010 жылдан 2024 жылға дейін денсаулық сақтау, білім беру, экономика және азаматтық қоғамды дамыту салаларындағы қауымдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) 159 әлеуметтік жобасына қолдау көрсетті.
- ТШО 2024 жылы өзінің әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру сапасын көтеру және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған 15 әлеуметтік жобаны жүзеге асырды.
- ТШО Жылыой ауданы мен Атырау облысында болған су тасқынына қарсы күреске шұғыл көмек көрсету үшін, ұзындығы 16 шақырым бөгет салуға (Алмалы жобасы), сондай-ақ еріктілер мен ТШО қызметкерлерінің қайырымдылығын қоса алғанда 4,5 тонна гуманитарлық көмекпен қамтамасыз етуге, су деңгейі төмендеген кездегі қалпына келтіру жұмыстарына 2 миллиард теңге бөлді.

Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

Жалпы мағлұмат

- 2016 жылы ТШО серіктестері Теңіз кен орнының өндірістік қуатын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы-Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты қорытынды шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.
- ККЖ мұнай өндіру көлемін арттырса, ҰЕҚБЖ кеніштегі ұңғы ернеуіндегі қысымды төмендетіп, өнім зауытқа жеткен кезде қолданыстағы алты технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды көтеру арқылы Теңіз кен орнындағы қолданыстағы зауыттарды толық қуатта ұстап тұратын болады.

Жоба бойынша жұмыстардың орындалу барысы

- 2025 жылдың қаңтар айында, ТШО ККЖ- ҰЕҚБЖ маңызды межеге қол жеткізді. Атап айтқанда, Теңіз кен орнындағы жаңа Үшінші буын зауытынан (ҮБЗ) қауіпсіз түрде шикі мұнай өндіріле бастады.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2024 жылдың қорытындылары

- Осы межеге қол жеткізудің арқасында алдағы айларда ҮБЗ-да өндіріс көлемі біртіндеп ұлғайып, Теңіз кен орнындағы мұнай өндіру көлемі жоспар бойынша жылына 12 миллион тоннаға артады
- Теңіз кен орнындағы барлық нысандар толық өндірістік қуаттылықта жұмыс істей бастаған соң, ТШО-ның жалпы мұнай өндіру көлемі жылына 40 миллион тоннаға жетеді деп жоспарлануда, осылайша Қазақстан Республикасының бюджетіне салық, роялти және басқа да тікелей төлемдер түрінде құйылатын қаржы көлемі де арта түседі.
- Сондай-ақ, КҚЖ-ҰЕҚБЖ негізгі өндіріс нысандарының сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының әлемдік энергетика нарығындағы ірі жабдықтаушы ретіндегі мәртебесін нығайтады.

Қазақстандық қамту мен жергілікті әлеует

- ТШО КҚЖ-ҰЕҚБЖ жүзеге асырыла бастағаннан бері қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 19,5 миллиардқа жуық АҚШ долларын жұмсап, қазақстандық компаниялармен 1250-дан астам келісімшарт жасасқан.
- КҚЖ-ҰЕҚБЖ шеңберіндегі қызу құрылыс жұмыстары кезінде 90 000-ға жуық жұмыс орны ашылған еді.
- Қазақстандық қызметкерлер 37 500-ден астам оқыту курсынан өтіп, қазіргі таңда өз тәжірибелерін Қазақстандағы және шетелдегі басқа да өндірістік жобаларда қолдана алады.